

## Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 5 наурыздағы № 37 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 15 наурызда № 27125 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 50-1-тармағына сәйкес, Жаңақала ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жаңақала ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Еслямғалиеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жаңақала ауданының әкімі*

*Д. Закарин*

Жаңақала ауданының әкімдігінің  
2022 жылғы 5 наурыздағы № 37  
қаулысына қосымша

## Жаңақала ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Орналасу орны	Алатын алаңы (шаршы метр)	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі (жыл)	Қызмет саласы	Жақын орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
	Жаңақала ауылдық округі, Жаңақала ауылы, С.Сапаров				

1	көшесі, Асемгуль" сауда үйіне карама-қарсы	" 120	5	а у ы л шаруашылық өнімдері	"Болашақ" дүкені
---	---	-------	---	-----------------------------------	---------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК